

Ғылыми мақала

FTAMP 14.07.03

<https://doi.org/10.55956/RGJM1160>

А.А. Молдабаева 

Филология магистрі, аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
ainur.aitmuhan_82@mail.ru

ҚАЗІРГІ БАСПАСӨЗДІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МЕДИА АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада баспасөз тарихына қысқа-қысқа шолу жасалды. Әрбір қоғамдық маңызы бар өзгерістердің баспасөзге тигізген әсері ашықталады. Соңында баспасөздің қазіргі жағдайы туралы талдау жасалады. Қазіргі баспасөздің болашағын талқылай отырып, мақала оның әлеуметтік, экономикалық және технологиялық тұрғыдан өзгеріп жатқан жағдайына назар аударады. Цифрландырудың әсерінен оның мазмұны мен таралу жолдары түбегейлі өзгеріске ұшырады. Әсіресе, интернет-журналистика, әлеуметтік медиа платформалары мен мобильді қосымшалар ақпараттың жылдам әрі кең таралуына жол ашты. Мақалада баспасөздің болашақтағы рөлі мен даму бағыттары, сондай-ақ дәстүрлі және жаңа медиа арасындағы үйлесімділік мәселелері қарастырылады. Әсіресе, ақпараттың сенімділігі мен объективтілігі, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік пен этикалық нормалардың сақталуы маңызды орын алады. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен деректерді талдау технологиялары баспасөздің жұмысын қалай өзгертетіні туралы тереңірек зерттеулер ұсынылады. Бұл мақала тақырыптың жаңа дәуірдегі мүмкіндіктері мен қиындықтарын жан-жақты зерделейді.

Тірек сөздер: баспасөз, газет, журнал, оқырман, тақырып, ақпарат, мәселе, мәдениет, әлеуметтік желі.

Кіріспе. Баспасөздің маңыздылығы мен қадір-қасиетінің өрлеп тұрғандығын өткен заманның көне көз қариялары мен бергі аға буын растайды. Қолдарына сол үш-төрт жапырақ қағаз түссе қазына кілтін тапқандай қуанатын. Апта сайынғы шығатын нөмірлерін жинап ешқайсысынан құр қалмауға тырысатын. Маңызды деп білген жерлерін белгілеп, астын сызып қоятын. Сол газеттің бір нөміріне аты шықса не суреті басылса төбесі көкке жетуге бір елі қалатын.

Бәлкім ол кездегі газет, журналдарға шығатын тақырыптар мен мақалалардың мән-мағынасы өзекті, қадір-қасиеті артып тұрған болар [1]. Мысалға «Қазақ», «Айқап» сынды газет, журналдарда өзекті мәселелер қозғалып отырған. Қазан төңкерісі және оның қазақтарға әсері, оқу жайы, әліпби мәселесі, мектеп жайында, көшпенді мен отырықшы өмірдің ара салмағы, қазақ ақындары мен жазушылары сияқты әлеуметтік маңызы бар мәселелер

қозғалған. Газет, журналдардағы тақырыптардың қай-қайсысы болсын адамды еліктіріп, баурап, алып кетеді[2].

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Алынған тақырып қоғамның өзекті мәселесін қозғайды, сонымен қатар қозғап қана қоймай ол мәселенің шешу жолдарын ұсынады. Мәселені қозғаған кезде жанжақты талдау жасап, оқырманды сендіріп, адам қанағаттандыратын мәлімет береді. Соңында шешу жолын ұсынған кезде адам ақылына қонатын, қисынға келетін жауап беріледі[3]. Бұл кезде баспасөздің қадірі кәдімгі әдеби шығармалардан, ғылыми мақалалардан кем түспейтін. Оқырман газет журналды оқыған кезде кәдімгі кітаптағы шығармаларды оқығандай өзінің рухани байлығын молайтып, білім қорын жинақтайтын. Алынған мәлімет шын мәнінде де болашаққа керекті ақпараттарды қамтитын. Оқырмандардың мәліметті оқыған кезде бұны ұмытып қалмайық деген сияқты ойлары, сондай бір ықыластылық танытуы газеттердегі тақырыптардың құнарлылығын көрсетеді. Одан бөртін келе социалистік билік орнағаннан кейін де баспасөздің өміршендігі артпаса кеміген жоқ. Кеңестік идеология осы баспасөз құралдары арқылы қарқынды жүргізілді[4]. Ескі заманның қиындығынан құтылып жаңа заманға үмітпен қараған адамдар саны артты. Оның үстіне баспасөз құралдары арқылы билік басындағылар өздерінің уәделерін үйіп-төкті. Әрине оған сенгендер де сенбегендер де болды. Бірақ бәріде бұл сойқанның арты не болар екен деп елерумен болды. Міне осындай сияқты көптеген факторлар газет, журналды оқуды ынталандырды. Барша жаңалықтың көзі сол баспасөз құралдары болғандықтан сол жаққа құлақ үнемі түрулі болды[5]. Басқа келген зобалаң сол бір ұшқын атар-атпас

үмітті су сепкендей өшірді. Бұрын баста бір қиындық болса қазір оның басы екеу болды, көбеймесе азайған жоқ. Езгілеген тізенің езгісінен қажыған елдің назарын соңғы болып жатқан оқиғалар тосырқатты[6]. Тоқсаныншы жылдың соңында бәрі апыл-ғұпыл өзгеріп шыға келді. Міне осындай бірінің ізін бірі қуалаған, моншақтай тізбектелген тарихи жайттар халықтың газет, журнал, телехабарға деген ынтызарын қайнатқанның үстіне қайната түсті. Бәрін тегіс ойландыратын сұрақтар туындап жатты. Ендігі заман не болар екен, біздің жағдай қалай өзгерер екен, жаңа болған жайттарға қалай төтеп беруге болады деп біреулер уайымға салынса біреулер қайғыға салынды.

Зерттеу нәтижелері. Баспасөзде жұмыс істейтін қызметкерлер барлық жаңалықты біліп отырып газет, журналдар арқылы ақпарат жеткізіп, сұрақтардың жауабын беріп отырды[7]. Кейіннен тәуелсіздік орнады. Егемендіктен соң тәуелсіз қазақ баспасөздерінің негізі қаланды. Жаңа идеология қалыптасып, мақсат айқындалды. Бұл егемендік уақытындағы мамыражай уақыт баспасөзге ереше әсер етті. Диктаторлық режимнің құрсауынан босанып пікірлер ашық айтыла бастады. Сөз бостандығы, жеке көзқарас секілді ұғымдар дами түсті. Шетелмен ашық қарым-қатынас орнатқаннан кейін медиа-ақпарат көздері көптеп келе бастады. Ақпаратпен қамтамасыз ету аренасында Instagram, Telegram ВК, Tik-Tok, YouTube сияқты әлеуметтік желілер көптеп қолданысқа ие болды[8]. Олардың мақсаттары тек қана адамдарды бір-бірімен сөйлестіру болған жоқ. Басымдылықпен күш салып жатқан мақсаттары – адамдарды ақпаратпен қамтамасыз ету болды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Қазіргі Баспасөздің болашағы мен дамуы цифрландыру мен интернеттің қарқынды

дамуына тікелей байланысты. Ақпаратты тарату жылдамдығының артуы, әлеуметтік медианың әсері мен жаңа технологиялардың енгізілуі баспасөздің құрылымына және оның жұмыс істеу әдістеріне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Әсіресе, интернет-журналистика мен мобильді оның дамуы ақпараттың тек қана жылдам емес, сонымен қатар әртүрлі платформалар арқылы таралуын қамтамасыз етіп, баспасөздің аудиториямен байланыс орнату әдістерін өзгертті. Дәстүрлі ақпарат құралдары, оның ішінде басылымдар мен телеарналар, жаңа медиа құралдарымен бәсекелесуге мәжбүр болды, бұл олардың қызметін жаңа талаптарға бейімделуге итермеледі. Әлеуметтік медианың ақпарат таратудағы рөлі мен ықпалы айтарлықтай күшейді, бұл медианың сенімділігі мен объективтілігіне жаңа сын-қатерлер туғызды. Әлеуметтік медиа платформаларындағы контенттің жеделдігі, бірақ кейде оның шындыққа сәйкес келмеуі баспасөз үшін жауапкершілікті арттырып, жалған ақпаратпен күрес мәселесін күн тәртібіне қойды.

Жаңа технологиялар, әсіресе жасанды интеллект, деректерді талдау және автоматтандырылған жазу құралдары Баспасөздің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ақпаратты өңдеуді әрі қарай жетілдіруге мүмкіндік берді. Бұл технологиялар журналистердің жұмысын тиімдірек әрі жылдам етіп, көп мәліметтерді қысқа мерзімде өңдеуге көмектеседі. Алайда, жаңа технологиялармен бірге баспасөзде этикалық және құқықтық мәселелер де туындауда. Мысалы, ақпаратты жинау, өңдеу және тарату кезінде жасанды интеллекттің рөлі, алгоритмдер мен автоматтандырылған жүйелердің шешімдер қабылдаудағы ықпалы баспасөздің әділеттілігі мен

объективтілігін қамтамасыз ету тұрғысынан сұрақтар туындатады. Сонымен қатар, ақпараттың сенімділігін сақтау мәселесі баспасөздің басты міндетіне айналуға. Журналистикадағы этикалық нормаларды сақтай отырып, жаңа медиа құралдарының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану маңызды.

Баспасөздің болашағы оның қоғамдық рөлімен тығыз байланысты. Қоғамда ақпараттың жедел әрі дұрыс берілуі маңызды болғандықтан, оның әлеуметтік жауапкершілігі күшейе түсуде. Әлеуметтік медиа мен интернеттің кеңінен қолданылуы, ақпараттық манипуляцияның таралуы жаңа этикалық талаптар мен кәсіби стандарттарға сай болуды талап етеді. Болашақта баспасөздің дәстүрлі және жаңа медиа арасындағы тепе-теңдік сақталып, ақпаратты тарату мен өңдеудің әдістері әр түрлі аудиторияның қажеттіліктеріне сәйкес бейімделетін болады. Ақпараттың сенімділігі мен объективтілігі баспасөздің қоғам алдындағы жауапкершілігін нығайта отырып, оның даму бағытын анықтайтын негізгі факторларға айналады. Жаңа медиа құралдарын қолдана отырып, баспасөз жаңа аудиторияларға қол жеткізіп, өзінің ықпалын арттыруға мүмкіндік алады, бірақ бұл оның кәсіби стандарттарынан ауытқымай, қоғамның сеніміне ие болуын талап етеді.

Әлеуметтік желілер адамдарды зерттей келе олардың жеңіл әрі көңіл көтеретін әрі қысқа, түсінуге оңай ақпаратты жақсы көретінін түсінді. Соның нәтижесінде адамдар жеңіл, аса бір мағынасы жоқ, бір сәттік көңіл-күй сыйлайтын ақпараттарға құмартып кетті. Әрі ол ақпарат бейне, музыка арқылы жеткізіліп адамдарды түбегейлі өздеріне байлап алып жатыр. Мұндай форматтағы мәліметтерге әбден үйреніп алған адам газет, журнал оқымайтынын қазіргі

уақытта көріп жүрміз. Неге көпшілік газет, журнал оқымайды деп сұрақ қойылуы мүмкін. Өйткені баспасөз құралдары беретін мәліметтер ауыр, ойланды қажет етеді. Газет оқу үшін белгілі бір нөмірге жазылу керек, алғаннан соң оны оқу керек, оны түсіну үшін ойлану керек, соңында ой қорыту керек. Бірден түсіне салатын, жақсы көңіл-күй сыйлайтын, бейнесі мен музыкасы бар, қысқа ақпарат тұрғанда газет оқу шетке ысырылады. Қызықтырушы сұрақты интернетке жазатын болсаң жауап лезде шыға келеді, сонымен тақырып жабылады. Көп уақыт, көп күш жұмсаудың керегі жоқ.

Қорытынды. Қорыта айтқанда қоғамда болып жатқан осындай өзгерістер газет, журналға деген сұранысты қатты азайтып жіберді. Халықтың зиялысы, көзі ашық көкірегі ояу деген мұғалімдердің өзі басшылардың қыспақтауымен ықтиярсыз алады. Газетті өз еркінсіз алған адам оны оқымайды да қарамайды. Бұл үрдістің яғни әлеуметтік желілердің ақпарат беру әдісі баспасөзге де жұға бастағанға ұқсайды. Әлеуметтік желілер

қолданған әдіс-тәсілдер өтімді болғандықтан газет, журналдар да сол әдіс-тәсілдерді қолдануда. Мысалға Егемен Қазақстан газетінде бір сәттік эмоция сыйлайтын суреттер, сөздер беріліп жүр. Білесіз бе ұшатын көлік шығыпты деген сияқты бір сәттік таңғалдыратын мәліметтер беріледі. Баспасөз қызметінің асыл міндеті осындай маңызы жоқ нәрселерді жеткізу ме еді? Күлдіргі әңгіме, жарнама сияқты газеттің қадірін құнсыздандыратын ақпараттардың берілуі орынды ма? Ол әзіл-күлкіні, бір сәттік сезімді басқа ақпарат көздерінен оңай әрі жылдам алуға болады. Баспасөздің табиғаты осындай түрде жағаса берсе басқалардан не айырмасы қалады.

«Газет халықтың көзі һәм тілі, құлағы, жұртқа қызмет ететін нәрсе, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрушы»[9], деген Ахмет Байтұрсынұлы сөзінен қазір не қалды. Баспасөз деген тура жолға бастаушы, қисайғанды түзетіп, ауырғанды емдеуші. Баспасөз деген халықтың көзін ашушы, көкірегін оятушы.

Әдебиеттер тізімі

1. Ворошилов, В.В. Современная пресс-служба [Текст] / В.В. Ворошилов. - Санкт-Петербург: Издательство Михайлова В.А. – 2005, 9-10 б.
2. Почепцов, Г. Г. Коммуникативные технологии XX века [Текст] / Г.Г. Почепцов. – Санкт-Петербург: Рефл-бук, - 1999. – 200 б.
3. Бекниязов Т. Демократиялық қоғам және баспасөз [Мәтін] / Т.Бекниязов.-Алматы: Қазақ университеті, 2005ж. 5-8 б.
4. Маргерит, Х. Салливан. Жауапты баспасөз қызметі [Мәтін]/ Х.Салливан Маргерит. – АҚШ мемлекеттік департаменті бағдарламасы бойынша шығарылған анықтамалық. 2005ж. 20-б.
5. «Журналист» Қазақстан журналистерконгресінің басылымы. 2004, № 9(10) 2-бет [Электрондв ресурс] / Кіру режимі: usino/state/gov Қаралған күні: 15.02.2025
6. Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі туралы қаулысы, 2005 жыл
7. Организация работы пресс-служб –международныеСтандарты методическое пособие, г. Тараз, Жамбылская область, Общественный Фонд «Орден защиты свободной журналистики «FORPOST» 8-10 бет.
8. Блэк С. Паблик рилейшнз [Текст] / С.Блэк. - Москва, 2003, 42-49 б.
9. Власенко, С. Отношения между средствами массовойинформации и государственными органами [Текст] / С. Власенко 2-3 б.

10. Журнал «Пресс-служба» [Электронный ресурс] / Кіру режимі: www.press-servise.ru Қаралған күні: 15.02.2025
11. PR info ақпараттық-анықтамалық Web басылымы [Электронный ресурс] / Кіру режимі: Prinfo.zone.ru Қаралған күні: 15.02.2025

А.А.Молдабаева - Таразский университет им. М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

СВЯЗЬ И БУДУЩЕЕ СОВРЕМЕННОЙ ПРЕССЫ МЕЖДУ ТРАДИЦИОННЫМИ И СОВРЕМЕННЫМИ МЕДИА

Аннотация. В этой статье представлен краткий обзор истории прессы. Влияние каждого общественно значимого изменения на прессу будет прозрачным. Наконец, будет проведен анализ текущего состояния прессы. Обсуждая будущее современной прессы, в статье основное внимание уделяется ее меняющемуся положению в социальном, экономическом и технологическом плане. Под влиянием оцифровки ее содержание и пути распространения претерпели кардинальные изменения. Интернет-журналистика, платформы социальных сетей и мобильные приложения, в частности, проложили путь к быстрому и широкому распространению информации.. В статье рассматриваются будущие роли и направления развития прессы, а также вопросы совместимости традиционных и новых медиа. Особенно важное место занимает достоверность и объективность информации, а также соблюдение информационной безопасности и этических норм. Кроме того, предлагаются более глубокие исследования того, как искусственный интеллект и технологии анализа данных меняют работу прессы. Эта статья всесторонне исследует возможности и проблемы темы в новую эпоху.

Ключевые слова: пресса, газета, журнал, читатель, тема, информация, проблема, культура, социальные сети.

A.A.Moldabayeva - M. Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

THE RELATIONSHIP AND PROSPECTS OF THE MODERN PRESS BETWEEN TRADITIONAL AND MODERN MEDIA

Abstract. This article provides a brief overview of the history of the press. The impact of each socially significant change on the press is disclosed. At the end, an analysis of the current state of the press is carried out. Discussing the future of the modern press, the article focuses on its changing situation from a social, economic and technological point of view. Under the influence of digitalization, its content and ways of distribution have undergone a radical change. In particular, internet journalism, social media platforms and mobile applications have paved the way for the rapid and widespread dissemination of information.. The article discusses the future role and directions of development of the press, as well as issues of harmony between traditional and new media. Especially important is the reliability and objectivity of information, as well as compliance with information security and ethical standards. In addition, more in-depth research will be presented on how artificial intelligence and data analysis technologies are changing the way the press works. This article comprehensively examines the possibilities and challenges of the topic in the new era.

Keywords: Press, newspaper, magazine, reader, topic, Information, issue, culture, social network.

References

1. Voroshilov, V. V. Sovremennaya press-sluzhba [Modern press service] [text] / V. V. Voroshilov. - Saint Petersburg: Izdatelstvo Mikhailova V. A. – 2005, pp. 9-10.
2. Pocheptsov, G. G. Kommunikativnye tekhnologii HKH veka [Communication technologies XX century] [text] / G. G. Pocheptsov. - St. Petersburg: refl-Buk, - 1999. - 200 P.
3. Bekniyazov T. Demokratiyalық қоғам және баспасөз [Democratic society and the press] [text] / T. Bekniyazov.- Almaty: Kazakh University, 2005 pp. 5-8.
4. Marguerite, H. Sullivan. ZHauapty baspasөз қызметі [Sullivan. Responsible press service] [text]/ H. Sullivan Marguerite. - Directory issued under the program of the US Department of State. P.20, 2005
5. «ZHurnalist» Қазақстан zhurnalisterkongresiniң basylymy. 2004, № 9(10) 2-bet [Publication of the Kazakhstan Journalists] 'Association" journalist". 2004, No. 9(10) page 2 [Electronic Resource] / Access mode: usino / state / gov views date: 15.02.2025
6. Almaty қаласы әкімінің баспасөз қызметі туралы қаулысы [Resolution of the mayor of Almaty on the press service], 2005
7. Organizaciya raboty press-sluzhb –mezhdunarodnyeStandarty metodicheskoe posobie [Organization of the work of the press service-international standards of methodical work], Taraz, Zhambyl region, Public Fund "Order of protection of free journalism "FORPOST" page 8-10.
8. Black S. Pablik rilejshnz [Public Relations] [text] / S. Black. - Moscow, 2003, pp. 42-49.
9. Vlasenko, S. Otnosheniya mezhdu sredstvami massovojinformacii i gosudarstvennymi organami [Turning between mass information and state bodies] [text] / S. Vlasenko pp. 2-3 .
10. Zhurnal «Press-sluzhba» [Journal "press service"] [electronic resource] / access mode: www.press-servise.ru review date: 15.02.2025
11. PR info ақпараттық-анықтамалық Web basylymy [PR info information and reference Web edition] [electronic resource] / access mode: Prinfo.zone.ru review date: 15.02.2025


5.02.25 ж. баспаға түсті.

11.03.25 ж. түзетулермен түсті.

16.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Молдабаева, А.А. Қазіргі баспасөздің дәстүрлі және заманауи медиа арасындағы байланысы мен болашағы [Мәтін] / А.А. Молдабаева // Dulary University Хабаршысы. – 2025.- №2 – Б.138-143 <https://doi.org/10.55956/RGJM1160>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).